

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ ДОШКОЛЬНОГО И НАЧАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

МРНТИ 14.01.11

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-5496.51>

Капенова А.А¹. Курманжанова Г.Е².

¹²*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
Талдықорған қ., Қазақстан*

БАЛАНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ ДАМУШЫЛЫҚ БІЛІМ КЕҢІСТІГІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Аңдатпа

Мақалада ғылыми деректердің негізінде «білім беру ортасы», «пәндік – дамытушылық орта» ұғымдарына шетелдік авторлардың берген анықтамалары бойынша талдау жасалған. Сонымен қатар, білім беру ортасының компоненттері, міндеттері, талаптары және қағидаттары жайлы айтылған. Кез келген жас топтарының пәндік-дамытушы ортасын құру кезінде, тәрбие-білім беру процесіне қатысушылардың өзара іс-қимылының психологиялық негіздері, заманауи ортаның дизайны, осы орта бағытталған жас топтарының психологиялық ерекшеліктері ескеріледі. Мектепке дейінгі білім беру заңнамасындағы жаһандық өзгерістерге байланысты барлық балабақшалар, олардың интерьерлері, материалдық-техникалық жабдықталуы жаңартылуда. Балабақша өзгерту және қайта құру процесінде, ойын жабдықтарын, балалар мен ойын жиһаздарын жаңарту тәрбиеленушілерге жағымды әсер етеді. Балалар еліміздің зияткерлік әлеуетінің болашағы болғандықтан, мектепке дейінгі сапалы тәрбие мен оқыту және балалардың қабілеттерін дамыту, қоғам үшін өте маңызды болып табылады. Жайлы орта балалардың психофизикалық денсаулығын сақтауға мүмкіндік береді, олардың білім беру қызметіне оңтайлы қосылуына, өзін-өзі табысты іске асыруына ықпал етеді, оқыту және тәрбиелеу процесі субъектілерінің өзара жағымды қарым-қатынасын күшейтеді, баланың белсенділігіне, сенімділігіне, шығармашылықтың көрінуіне ықпал етеді. Сол себепті баланың ортасы жайлылық, яғни қолайлылық, қауіпсіздік критерийіне сәйкес келуіне жағдай жасауымыз керек..

Түйін сөздер: білім беру ортасы, заттық-дамытушы орта, талаптар, әдістемелік ұстанымдар, даму деңгейі, қағидаттар, компоненттер.

Капенова А. А¹. Курманжанова Г. Е².

¹²*Zhetysu state University. After I. Zhansugurov
Taldykorgan, Kazakhstan*

ORGANIZATION OF DEVELOPING EDUCATIONAL SPACE AS A FACTOR OF A CHILD'S READINESS FOR SCHOOL

Abstract

The article analyzes the concepts of "educational environment" and "subject – developing environment" based on the definitions issued by foreign authors. They also spoke about the components, tasks, requirements and principles of the educational environment. When creating a subject-developing environment for any age group, the psychological foundations of interaction between participants in the educational process, the design of the modern environment, and the psychological characteristics of age groups focused on this environment are taken into account. In connection with global changes in the legislation of preschool education, all kindergartens, their interiors, and material and technical equipment are being updated. In the process of restructuring and reconstruction of the kindergarten, updating the play equipment, children's and play furniture has a positive impact on the pupils. Since children are prospects for the intellectual potential of our country, high-quality preschool education and training and development of children's abilities are very important for society. A favorable environment allows you to preserve the mental and physical health of children, promotes their optimal inclusion in educational activities, successful self-realization, strengthens positive relationships between the subjects of the educational and educational

process, promotes activity, reliability, and manifestation of the child's creativity. Therefore, we must create conditions for the child's environment to meet the criteria of comfort, convenience, and safety.

Keywords: educational environment, subject-developing environment, requirements, methodological principles, level of development, principles, components.

Капенова А.А.¹. Курманжанова Г. Е.².

*¹²Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова
г. Талдыкорган, Казахстан*

ОРГАНИЗАЦИЯ РАЗВИВАЮЩЕГО ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОСТРАНСТВА КАК ФАКТОРА ГОТОВНОСТИ РЕБЕНКА К ШКОЛЕ

Аннотация

В статье на основе научных источников проведен анализ понятий «образовательная среда», «предметно – развивающая среда» по определениям, выданным зарубежными авторами. Также было сказано о компонентах, задачах, требованиях и принципах образовательной среды. При создании предметно-развивающей среды любой возрастной группы учитываются психологические основы взаимодействия участников воспитательно-образовательного процесса, дизайн современной среды, психологические особенности возрастных групп, ориентированных на эту среду. В связи с глобальными изменениями в законодательстве дошкольного образования обновляются все детские сады, их интерьеры, материально-техническое оснащение. В процессе перестройки и реконструкции детского сада, обновление игрового оборудования, детской и игровой мебели оказывает положительное влияние на воспитанников. Так как дети являются перспективами интеллектуального потенциала нашей страны, качественное дошкольное воспитание и обучение и развитие способностей детей, являются очень важными для общества. Благоприятная среда позволяет сохранить психофизическое здоровье детей, способствует их оптимальному включению в образовательную деятельность, успешной самореализации, усиливает позитивные взаимоотношения субъектов образовательного и воспитательного процесса, способствует активности, надежности, проявлению творчества ребенка. Поэтому мы должны создать условия для того, чтобы среда ребенка соответствовала критериям комфортности, удобства, безопасности.

Ключевые слова: образовательная среда, предметно-развивающая среда, требования, методические принципы, уровень развития, принципы, компоненты.

Кіріспе. Мектепке дейінгі ұйымдардың маңызды міндеті әр баланың шығармашылық қызметін қамтамасыз ететін, балаға өзін толық жетілдіруге және өзінің белсенділігін, танымдылығын көрсетуге мүмкіндік беретін-дамытушы білім кеңістігін ұйымдастыру. Дамытушы білім кеңістігі- балалардың дамуының маңызды факторы болып табылады. Баланың толықтай дамуы үшін балалар жарқын, көркем өмірді қабылдай алатындай жағдайлар туғызу қажет. Бұл тақырып көп жылдар бойы ғалымдар мен педагогтардың ғылыми қызығушылықтарын тудырып келген.

Біздің елімізде де, шетелде де білім беру ортасын зерттеуге деген ғылыми қызығушылық қазіргі уақытта да өте өзекті болып отыр. Біздің ойымызша, білім беру ортасы тұлғаның қалыптасуын анықтайтын жағдайлар жүйесі ретінде ғана емес, сонымен қатар адамның дамуы үшін мүмкіндіктер кешені ретінде қарастырылғаны жөн.

Осыған орай әртүрлі ғалымдар мен педагогтардың еңбектеріне сүйене отырып, «дамытушы білім кеңістігі» ұғымына талдау жүргізсек. Пәндік-дамытушылық орта ұғымы «баланың рухани және физикалық дамуының мазмұнын функционалдық модельдейтін материалдық нысандар жүйесі» (С. Л. Новоселова) ретінде анықталады [1]. Аса көрнекті философ және педагог Жан Жак Руссо, алғашқылардың бірі болып ортаны тұлғаның тиімді өзін-өзі дамыту шарты ретінде қарастыруды ұсынды [2]. Селестен Френе дамытушы білім ортасы арқылы бала өзінің жеке қабілеттері мен мүмкіндіктерін дамытаалады деп санайды [3]. Ересек адамның рөлі бала тұлғасының барынша дамуына ықпал ететін ортаны дұрыс үлгілеуден тұрады. Қазіргі заманғы ғалымдар мен педагогтар, бұл ретте қоршаған кеңістік, яғни дамытушы білім беру ортасы, мектепке дейінгі кіші және үлкен жастағы балалардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сәйкес өзгеріске дайынболуы тиіс деп санайды. Мұндай ортада жекелеген тәрбиеленушілер мен топтың барлық

балалары белсенді коммуникативтік-сөйлеу және танымдық-шығармашылық қызметке бір мезгілде қосылуы мүмкін.

Негізгі бөлім. Белгілі ғалымдар мен педагогтардың еңбектеріне сүйеніп, талдау жүргізу нәтижесінде, бірнеше қарама-қайшылықтарды атап көрсетуге мүмкіндік береді:

1. Мектепке дейінгі ұйымдардағы заттық - дамытушы органың маңыздылығы мен мәселенің әдебиеттер мен ғылыми еңбектерде жеткілікті қарастырылмағандығы;

2. Мектепке дейінгі ұйымдарда балаларды дамыту үдерісін оңтайлы қамтамасыз ететін дамытушы білім кеңістігін құру моделін іздеу, дайындау және меңгеру қажеттілігі мен тиісті әдістеменің болмауы.

Айқындалған мәселенің маңыздылығы мен көрсетілген қарама-қайшылықтар негізінде, білім беру ортасы және оның маңыздылығына тоқталатын болсақ;

Білім беру ортасы - бұл мектепке дейінгі мекемеде балалардың дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар кешені.

Мектепке дейінгі ұйымның дамытушы білім беру ортасы мынадай компоненттерден тұрады:

- педагогикалық үрдіске қатысушылардың өзара іс-қимылы;
- дамытушы - пәндік орта;
- мектепке дейінгі білім беру мазмұны.

1. Педагогикалық үдеріске қатысушылардың өзара іс – қимылы-бұл бірлескен міндеттер мен нәтижелерге қол жеткізу бойынша педагогтың, тәрбиеленушілердің және ата-аналардың келісілген ортақ қызметі.

2. Дамытушы - пәндік орта-білім беру ортасының құрамдас бөлігі. Ол білім беру жабдықтарымен, материалдармен, жиһаздармен, ойындармен, ойыншықтармен және т. б. материалдармен жабдықталған.

3. Мектепке дейінгі білім беру мазмұны – бұл білім, білік және дағды, дүниетанымдық және адамгершілік-эстетикалық идеялар, сондай-ақ әлеуметтік, танымдық және шығармашылық тәжірибе элементтерінің жүйесі.

Мектепке дейінгі мекеменің білім беру ортасының барлық компоненттері өзара байланысты және өзара шарттастырылған.

Мектепке дейінгі білім берудің негізгі білім беру бағдарламасын табысты іске асырудың қажетті шарты - білім беру ортасын дұрыс құру болып табылады, және ол білім беру ортасы бірнеше міндеттерді жүзеге асыруы тиіс. Олар:

- балалардың дене және психикалық денсаулығын сақтауға және нығайтуға кепілдік береді;
- балалардың эмоционалдық саулығын қамтамасыз етеді;
- педагогикалық қызметкерлердің кәсіби дамуына ықпал етеді;
- мектепке дейінгі білім беруді дамыту үшін жағдай жасайды;
- мектепке дейінгі білім берудің ашықтығын қамтамасыз етеді;
- ата-аналардың білім беру қызметіне қатысуы үшін жағдай жасайды.

Талдау нәтижесі көрсеткендей, мектепке дейінгі мекеменің білім беру ортасы, білім беру үдерісінің нәтижелеріне, тұлғааралық қарым-қатынас сипатына, әрбір мектепке дейінгі баланың дамуына тікелей әсер етеді.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі мекемелерде дербес-тәжірибелік, демократиялық, инклюзивтік білім беру ортасын құруға тырысады. Осыған орай, білім беру ортасына белгілі бір талаптар қойылады:

- сапа;
- дамыту сипаты ;
- жайлылық
- Ортаның сапасы бойынша келесі қағидаттарды іске асырылады:
- табиғаттылық;
- жүйелілік;
- көп функционалды және динамикалық;
- өзгертілмелі;
- мазмұны бойынша вариативтілік;
- эстетикалық;

Дамытушы орта баланың тіршілік әрекетінің шарты ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуына әсер етудің әлеуетті құралы болып табылады. Дамытушы орта маңызды қызметтерді жүзеге асырады.

Ғылыми еңбектерге сүйене отырып, білім беру ортасын ұйымдастыру кезінде келесі талаптар ұсынамыз:

* жеке қажеттіліктерді ескере отырып, баланың белсенділігін, дербестігін, шығармашылық қабілеттерін іске асыруды дамытудың маңызды шарты ретінде икемді кешенді аймақтауды қамтамасыз ету;

* тұрақтылық-ортақ ойын кеңістігін бөлу кезінде бір кеңістіктің бір жағында тұрақты элементтері бар жабдықтар және екінші жағында, жылжымалы (өзгеретін) элементтері және ауыспалы жабдықтар қойылады.

* мектепке дейінгі ұйымда эстетикалық талғамға сәйкес келетін және балалардың эмоционалдық-жағымды көңіл-күйін қалыптастыратын интерьер жасау арқылы іске асырылады. Балалардың көзіне жақсы түсетін ашық түстер қолданған жөн. (жасыл, сары, көк, ақ, және т.б.);

* қыз балалар мен ұл балалардың даму ерекшеліктерін ескере отырып, ортаны ыңғайлы орналастыру. Қыз балаларға арналған ойын алаңдары (асхана, тігін алаңы, медбике жабдықтары). Ұл балаларға арналған ойын алаңдары (автокөлік тұрағы және т.б)

Жайлы орта балалардың психофизикалық денсаулығын сақтауға мүмкіндік береді, олардың білім беру қызметіне оңтайлы қосылуына, өзін-өзі табысты іске асыруына ықпал етеді, оқыту және тәрбиелеу процесі субъектілерінің өзара жағымды қарым-қатынасын күшейтеді, баланың белсенділігіне, сенімділігіне, шығармашылықтың қабілетінің дамуына ықпал етеді. Баланың ортасы жайлылық, яғни қолайлылық, қауіпсіздік критерийіне сәйкес келуі шарт.

Қолайлы орта құруға қойылатын негізгі талаптар:

* қолайлы психологиялық климат (тыныш, тілектес атмосфера, баланың жеке ерекшеліктерін есепке алу, ересектердің кәсіби деңгейі);

* баланың өмірі мен денсаулығы үшін дамытушы-кеңістіктік ортаның қауіпсіздігі (балалар жиһазының, ойын және дидактикалық материалдардың санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкестігі);

Орта мазмұны екі негізгі компонентті қамтиды:

* Мектепке дейінгі ұйымның пәндік-кеңістіктік ортасы;

* Әлеуметтік-мәдени орта-рухани құндылықтар жүйесі;

Мектепке дейінгі мекемеде мақсатты ұйымдастырылған білім беру ортасы әр баланы үйлесімді дамыту мен тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады. Негізгі функциядан басқа, ол эстетикалық функцияны даатқарады: балаларда қуаныш сезімін, балабақшаға деген эмоционалды жағымды қарым-қатынасты, оған күн сайын баруға ықыластын тудырады.

Балабақшаның әртүрлі жас топтарындағы заттық - дамытушылық ортаны ұйымдастыра отырып тәрбиешілер, балалардың ойын әрекетін дамытудың кезеңдік ерекшелігін, тәрбиенің жеке тұлғалық қағидасын есте ұстаулары керек. Заттық орта мектепке дейінгі ұйымдарда іске асырылатын бағдарламаға сәйкес жобалануы тиіс. Бұл ретте тәрбиеші топтың ерекшеліктерін ескеруі, жалпы балалар тобын және әр баланың дербес ерекшелігін, олардың қызығушылықтарын, қабілеттері мен тілектерін білуі тиіс [4].

Талдау нәтижесіне сүйенетін болсақ, кез - келген жас топтарының пәндік-дамытушы ортасын құру кезінде, тәрбие-білім беру процесіне қатысушылардың өзара іс-қимылының психологиялық негіздері, заманауи ортаның дизайны, осы орта бағытталған жас топтарының психологиялық ерекшеліктері ескеріледі. Мектепке дейінгі білім беру заңнамасындағы жаһандық өзгерістерге байланысты барлық балабақшалар, олардың интерьерлері, материалдық-техникалық жабдықталуы жаңартылуда. Балабақша өзгерту және қайта құру процесінде, ойын жабдықтарын, балалар мен ойын жиһаздарын жаңарту тәрбиеленушілерге жағымды әсер етеді.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін дамыту Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының басым бағыты болып табылады. Сапалы мектепке дейінгі білім беру және балалардың қабілеттерін дамыту қоғам үшін маңызды мәнге ие, балалар еліміздің зияткерлік әлеуетінің болашағы.

Осыған сәйкес тәрбие мен оқыту мазмұнының тұтастығы мен сабақтастығына қамтамасыз ететін, мектепке дейінгі ұйымдарда педагогикалық процесті ұйымдастыруда мектепке дейінгі тәрбие мен

оқытудың бірыңғай үлгілік оқу бағдарламасын әзірленді. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметі үлгілік оқу бағдарламасының қағидаларына мен талаптарына сәйкес жүзеге асырылады [5].

Стандартта мектеп жасына дейінгі балалардың дайындық деңгейіне, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына және оқу жүйесіне қойылатын талаптар айқындалған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны балалардың жас ерекшеліктері мен психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, баланың жан-жақты дамуына негіз болатын, «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларын жіктеп қарастырды. Осы салалар бойынша мектепке дейінгі мекемелерде арнайы білім беру орталары ұйымдастырылған.

Бірінші, «Денсаулық» білім беру саласының мазмұны баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға, балабақшада, үйде, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз, мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға және балалардың қимыл-қозғалысын, негізгі қимылдарды жетілдіруге бағытталған. Осы сала негізінде балалар бос уақыттарында әртүрлі дене шынықтыру құралдарын пайдаланып, өзараларында бірге шынығып, ойнай алады. Осы сала негізінде «Дене шынықтыру», «Қауіпсіз мінез-құлық ережелері» сияқты ұйымдастырылған оқу қызметтері жүзеге асырылады.

Екінші, «Қатынас» білім беру саласының мазмұны бала тілін дамытуға, коммуникативтік-тілдік құзыреттілігін қалыптастыруға, белсенді сөздік қорын, грамматикалық құрылымды, тіл мәдениетін, байланыстырып сөйлеуін жетілдіруге бағытталған [5]. Осы сала бойынша мектепке дейінгі ұйымдарда арнайы білім беру ортасы құрылған. Бұл орта қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі ертегі кітаптармен, әліппелермен, мақал-мәтелдермен және балалар әдебиеттерімен жабдықталады. Кез-келген бала қалаған кітабын ашып көріп, сол материалдармен жұмыс жасай алады. Сонымен қатар, «сөйлеуді дамыту», «көркем әдебиет», «орыс тілі», «ағылшын тілі» сияқты ұйымдастырылған оқу қызметтері өткізіледі.

Үшінші, «Таным» білім беру саласының мазмұны қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастырады, құрастыру негіздерімен таныстыра отырып, сенсориканы дамытуға бағытталған [5]. Осы сала бойынша мектепке дейінгі ұйымдарда арнайы білім беру ортасы құрылады. Бұл орта геометриялық пішіндермен, санауға арналған дидактикалық материалдармен, текшелермен және әртүрлі құрастырғыштармен жабдықталады. Осы сала негізінде «Қарапайым математикалық ұғымдармен таныстыру», «Жаратылыстану», «Құрастыру» сияқты ұйымдастырылған оқу қызметтері өткізіледі.

Төртінші, «Шығармашылық» білім беру саласының мазмұны сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, қоршаған ортаға эстетикалық қатынасты қалыптастыруды, өнер түрлері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыруды көздейді [5]. Бұл сала бойынша мектепке дейінгі ұйымдардағы білім беру ортасы мүсіндеуге, жапсыруға арналған құралдармен, музыкалық аспаптармен жабдықталады. Мектепке дейінгі ұйымдарда «Сурет салу», «Апликация», «Мүсіндеу», «Музыка» сияқты ұйымдастырылған оқу қызметтері жүргізіледі.

Бесінші, «Әлеумет» білім беру саласы адамгершілік қағидаларын, сондай-ақ жалпы адамзаттық құндылықтарды меңгеруді, баланың ересектермен және қатарластарымен қарым-қатынас жасай білуін, дербес болуын қарастырады [5]. Осы сала бойынша жабдықталған білім беру ортасында сюжетті-рольдік ойындар (дәрігер, шаштараз, отбасы, асхана), адамгершілік нормаларына байланысты көрнекі суреттер, және т.б дидактикалық материалдар бар. Осыған орай, мектепке дейінгі мекемелерде «Өзін-өзі тану», «Қоршаған ортамен таныстыру», «Экология негіздері» сияқты ұйымдастырылған оқу қызметтері өткізіледі.

Қорытындылай келе, мақсатты ұйымдастырылған білім беру ортасы әр баланы үйлесімді дамыту мен тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады. Баланың дамуы педагогпен ұйымдастырылатын оның ересектермен және қатарластарымен әртүрлі нысандағы қарым-қатынасының мазмұнды іс-әрекетінде жүзеге асатындығы мәлім. Білім беру ортасы белгілі бір міндеттер атқара отырып, талаптар мен қағидаларға сәйкес келуі қажет. Осы ортада мектеп жасына дейінгі баланың өзіндік физикалық функциясы дамиды, сенсорлық дағдылары қалыптасады, өмірлік тәжірибе жинақтайды, әртүрлі заттарды және құбылыстарды реттеу мен салыстыруға үйретеді, ересектермен, қатарластарымен өзара эмоционалдық-практикалық тәжірибеге ие болады, өзіндік тәжірибеде білім алады. Мектепке дейінгі ұйымдарда ұйымдастырылған білім кеңістігі әр балаға тұлғаның қандай да бір қасиетін иеленуге, жан-жақты дамуына мүмкіндік береді. Топта білім кеңістігін ұйымдастыру кезінде педагогтарға әрбір баланың тұлғалық негізгі сипаттарының қалыптасуына, оның қызығушылықтары мен қабілеттерінің дамуына көмектесетін барлық жағдайды ескеруі тиіс. Дамытушы білім кеңістігін

тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне, оқу кезеңі және педагогтармен іске асырылатын бағдарламаға байланысты өзгеру керектігін естен шығармаған жөн. Мемлекетімізде қабылданған «Үлгілік оқу бағдарламасы» негізінде мектепке дейінгі мекемелерде бес білім беру саласы бойынша дамытушы білім беру орталары ұйымдастырылған. Осы дамытушы орталардың негізінде балалар жан- жақты дамып, тұлға ретінде жетіліп, қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі :

1. С. Л. Новоселова. *Развивающая предметная среда детства.* — М., 2000.
2. Ж.Ж. Руссо. *Эмиль, или О воспитании.* 2005.
3. С. Френе. *Формирование личности ребёнка и подростка.* 2001.
4. А.Қ. Тусупова. *Балаларды ерте жастан дамытуға арналған заттық - дамытушы ортаны ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар.* – Астана, 2015
5. ҚР-ның «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы». 2016.

МРНТИ 14.25.09

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-5496.52>

Л.Е. Агеева¹, Т.А. Левченко²

¹²*Казахский национальный женский педагогический университет
г. Алматы, Казахстан*

РАЗВИТИЕ КРЕАТИВНОГО МЫШЛЕНИЯ УЧАЩИХСЯ ПРЕДШКОЛЬНОГО КЛАССА В ПРОЦЕССЕ ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

Статья посвящена проблеме развития творческого мышления учащихся предшкольного класса. Основная задача исследования – раскрыть возможности дополнительного образования в развитии креативного мышления у учащихся, так как оно является одной из важных форм. На основе изучения и анализа литературы установлено, что развитие креативного мышления строится на увлеченности ребенком определенным видом творческой деятельности: шахматами, танцами, спортивной борьбой, изобразительной или театрализованной деятельностью, фитодизайном, моделированием, робототехникой и другим. Авторами раскрыт потенциал и содержание каждого из данных видов деятельности и предложены пути их реализации. Предложенные идеи будут полезны при построении индивидуальных образовательных траекторий на основе личностных потребностей обучающихся в процессе дополнительного образования, где ребенок учится планировать собственную деятельность, овладевая и навыками самоменеджмента.

Ключевые слова: модель образования «4К», творчество, креативное мышление, предшкольный класс, дополнительное образование.

Л.Е. Агеева¹, Т.А. Левченко²

¹²*Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҚ СЫНЫПТАРЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КРЕАТИВТІ ОЙЛАУЫН ДАМУ

Аңдатпа

Мақала мектеп жасына дейінгі оқушыларда шығармашылық ойлауды дамыту мәселесіне арналған. Зерттеудің негізгі мақсаты студенттерде шығармашылық ойлауды дамытуда қосымша білім беру мүмкіндіктерін ашу, өйткені бұл маңызды формалардың бірі. Әдебиеттерді зерделеу және талдау негізінде шығармашылық ойлауды дамыту баланың белгілі бір шығармашылық іс-әрекет түріне деген қызығушылығына негізделген: шахмат, би, күрес, көркем сурет немесе театр іс-әрекеттері, фитодезин, модельдеу, робототехника және басқалары. Авторлар осы қызмет түрлерінің